

MODERN OPPORTUNITIES USING FOR INTERNATIONAL RESEARCH PROGRAMMES TO IMPROVE THE QUALITY OF EDUCATION

БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУҒА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЗАМАНАУИ МҮМКІНДІКТЕРІ

Sarash KONYRBAEVA

Prof.Dr.Kazakh State Women's Teacher Training University pedsheberlik@mail.ru

Madina KALIYEVA

Research Assistant Kazakh State Women's Teacher Training University breath_slow@mail.ru



Қазақстан Республикасында болып жатқан саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістер білім беру жүйесін өзгеше құруды талап етуде. Өйткені, қазіргі өркениетке жеткізетін құрал – тек қана білім. Білімді ұрпақ қана қоғамның болашақ иесі бола алады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «XIX ғасыр идеялар мен инновациялық технологиялардың бәсекелестік ғасырына айналып барады. Егер қоғамда білімді адамдар жеткілікті болса, онда кез келген ноу-хау барлығымыз үшін қолдан келерлік іске айналады. Жаңа идеялар тудыра білу қабілеті – міне, осы ғана қандай да бір елдің ғаламдану жағдайында алатын орнын анықтайтын болады. Сондықтан, қазақстандық өскелең ұрпақ бәсекеге қабілетті білімге ие болуы керек» деді. Сондай-ақ, «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «біз өте шынайы, барынша прагматикалық стратегия құрғанымыз жөн. Біз шығыны көп емес зерттеулер мен эзирлемелерге ден қоюға тиіспіз». Олай болса, алға қойған мақсаттарды орындау үшін еліміздегі ақылды, ойлы, дарынды жастарымызды шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіру қажеттілігі туындайды.

Педагогика ғылымында білім сапасы, оқытудың оң нәтижесін алу және оны бақылау мен бағалау мәселелері басымдылықпен қарастырылады. Білім беру сапасы жөнінде Ю.К.Бабанский, В.П.Беспалько, Т.И.Шамова, В.К.Кальней, т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, ИСО 9000-2000 стандарттарына негізделген мемлекеттік білім беру стандарттары және білім сапасының менеджменттік жүйесін құруға арналған жұмыстар жатады О.В.Аристов, В.И.Байденко, В.А.Исаев, В.А.Качалов, С.И.Колесников, Э.М.Коротков, С.К.Круглов, В.А.Нефедов, Н.А.Селезнева, В.М.Соколов.

Білім берудегі өзгерістер мен үрдістер жайында теориялық-әдіснамалық зерттеулер бірыңғай мемлекеттік емтиханды енгізуде тәжірибелер басталғаннан кейін жедел түрде дами бастады Бұған А.Н.Майоров, В.С.Аванесов, В.И.Звонников, А.Е.Бахмутский, В.Н.Белобородов, В.А.Болотов, В.М.Мокосеев, В.Ю.Переверзев, С.А.Сафонцев, А.И.Севрук, А.О.Татур, М.Б.Чельшкова, А.Г.Шмелев, т.б. ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасады.

Еліміздегі білім сапасының өлшемдері А.Қ.Құсайынов, Ж.А.Қараев, М.Ж.Жадрина, Т.Т.Галиев, Г.О.Искакова, К.С.Құдайбергенова, т.б. ғалымдардың еңбектерінде әр қырынан талданған.

Осыған орай, осы мәселенің өзектілігі мектептерде білім беру сапасы жүйесін арттыруда халықаралық зерттеу бағдарламаларын пайдалану қажеттілігімен, оларды отандық білімді жаңартудың заманауи талаптарының сенімді деңгейіне жетумен сипатталады. Зерттеудің ерекше маңыздылығы 2020 жылға дейінгі отандық білім беруді жаңарту Тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің әлеуметтік саясат және экономиканы жаңарту аймағындағы іс-әрекет жоспарында қойылған міндеттерге негізделеді.

PISA халықаралық зерттеуі. Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау бойынша PISA Халықаралық бағдарламасы оқушылардың оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу машықтарын, нақты бір оқу пәндерімен тікелей байланысты емес мәселелерді шеше білу құзыреттіліктерін бағалауға бағытталған.

Бұл зерттеу Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен (ЭЫДҰ) жүзеге асырылады. PISA зерттеуі 2000 жылы басталып, үш жылдық кезеңмен өткізіледі. Бұл қатысушы-елдерге оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелеріндегі қозғалысты, білім беру жүйесіндегі болып жатқан өзгерістерді бақылауға, жүргізілген реформалардың салдарын анықтауға мүмкіндік береді. 2009 жылы бағдарламаның төртінші кезеңі аяқталды.

PISA-2009 зерттеуін ұлттық орталықтар мен ЭЫДҰ қатысуымен жетекші халықаралық ғылыми ұйымдардан тұратын Консорциуммен жүзеге асырылады. Оның құрамына білім беру сапасын бағалау аймағындағы төмендегідей жетекші ұйымдар кірді:

- ✓ Білім беру аймағындағы Нидерланд Ұлттық өлшеу институты (Netherlands National Institute for Educational Measurement, CITO);
- ✓ АҚШ педагогикалық тестілеу қызметі (Educational Testing Service, ETS);
- ✓ Білім беру аймағындағы Жапония Ұлттық зерттеу институты (National Institute for Educational Research, NIER);
- ✓ Статистикалық ақпараттар жинау бойынша түрлі зерттеулерді орындайтын Америкалық ұйымы (WESTAT).

Консорциумның жұмысын педагогикалық зерттеулердің Австралиялық Кеңесі үйлестіреді (The Australian Council for Educational Research, ACER).

Халықаралық үйлестіруші орталық дайындаған бірыңғай ережелерге сәйкес зерттеу барлық қатысушы елдерде бірдей болу үшін жүргізіледі.

Қазақстанда зерттеу жұмысын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, білім беру органдары мен аймақтық білім беру ұйымдарының көмегімен «Ұлттық білім беру сапасын бағалау» орталығы жүргізеді. Зерттеуді ұйымдастыру және өткізуге көмек көрсету үшін аймақтарда облыстық үйлестірушілер, сонымен қатар зерттеу өткізетін білім беру ұйымының үйлестірушілері анықталып, тағайындалады.

PISA зерттеуі өткізілетін әрбір аймақта облыстық үйлестірушілер тағайындалады. Үйлестірушілердің міндеттері – бекітілген кестеге сәйкес өз аймағында зерттеудің өтуін қамтамасыз ету, зерттеу материалдарын білім беру ұйымдарына дейін жеткізу, олардың сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз ету, сонымен қатар білім беру ұйымының үйлестірушісімен және тест өткізуші тұлғамен тығыз байланыста жұмыс жүргізу.

Зерттеуге қатысатын әрбір білім беру ұйымында 15 жастағы оқушылардың тізімін жасау үшін және зерттеуді ұйымдастырып, өткізу үшін білім беру ұйымының үйлестірушілері тағайындалады. Сонымен қатар тест аяқталған соң зерттеу құралдарын Ұлттық орталыққа жөнелту де білім беру ұйымдары үйлестірушілерінің міндетіне жатады.

Тест өткізуші тұлғаның ең басты мақсаты барлық қатысушыларды буклеттермен және сауалнамалармен қамтамасыз етіп, тестті және сауалнаманы зерттеу жүргізу рәсімі бойынша өткізу.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. PISA халықаралық зерттеуі барлық білім беру ұйымдарындағы 15-жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану бағытындағы пәндерден білім жетістіктерін анықтауды мақсат етеді. Зерттеу оқушылардың қабілеттерін емес, ол оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған.

Көптеген елдерде жасөспірімдер 15 жаста негізгі білім беру сатысын аяқтап, ересек өмірге дайындалады, осыған сәйкес зерттеудің негізгі міндеті он бес жастағы оқушылардың өз беттерінше өмір сүрулеріне қажет білім, білік, дағдыларын анықтау.

PISA халықаралық зерттеуінің негізгі міндеті – білім беру саласындағы әлемдік басымдықтарды сипаттайтын зерттеу құралдарының негізінде объективті өлшеулер арқылы алынған айқын нәтижелерді талдау болып табылады.

Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеу негізгі үш бағыт бойынша жүзеге асады: «математикалық сауаттылық», «жаратылыстану сауаттылығы» және «оқу сауаттылығы».

Зерттеудің әрбір кезеңінде үш зерттеу бағыттарының біріне ерекше көңіл (тесттің үштен екі бөлігі) бөлінеді. 2000 жылы зерттеудің негізгі бағыты «оқу сауаттылығы», 2003 жылы – «математикалық сауаттылығы», 2006-жылы – «жаратылыстану сауаттылығы», ал 2009 жылы білім жетістіктерін бағалаудың негізгі аймағы «оқу сауаттылығы» болды.

PISA зерттеуінің әрбір кезеңіндегі бағалаудың басым аймағындағы өзгеріс зерттеудің негізгі бағыты бойынша толық ақпарат алуға және бұл бағыттағы үдерістерге салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу құралдары. PISA 2009 зерттеу құралдары (материалдары) Консорциумның жетекшілігімен жетекші халықаралық ұйымдардың және қатысушы елдер өкілдерінің сарапшыларының қатысуымен дайындалады.

Зерттеу құралдарына мыналар кіреді:

- ✓ Тест тапсырмалары бар буклеттер;
- ✓ Білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған сауалнамалар;
- ✓ Білім беру ұйымдарының басшылығына арналған сауалнамалар;
- ✓ Тест және сауалнаманы жүргізушіге арналған нұсқаулық;
- ✓ Білім беру ұйымының үйлестірушісіне арналған нұсқаулық;
- ✓ Тест тапсырмаларын бағалау, мәліметтерді енгізу және өңдеу бойынша нұсқаулықтар.

Әрбір тапсырма бір мәселені суреттеген мәтінді қамтиды және мәтінмен қатар төрт немесе бес нұсқада жауабы бар сұрақтар, немесе таңдау бойынша қатар екі жауабы болуы мүмкін жорамалдар мен нақты бекітулер қалыптарында көрсетілген қиындық дәрежесі әртүрлі бірден алтыға дейін сұрақтарды қамтиды. Сұрақтардың қалған бөлімдеріне оқушылар өз жауаптарын құрастырулары керек, олардың кейбірі қысқа жауапты, қалғаны толық жауаптарды талап етеді. Соңғысы тест тапсырушылардан жеке өзіндік пікірді талап етеді және өз көзқарасын айқындауға мүмкіндік береді. Өзге кейбір сұрақтар оқушылардан шеңберде шектелген жауаптар нұсқаларын таңдауын талап етеді, дұрыс немесе бұрыс болып бағаланады (жабық құрастырылған жауаптар).

Тест жұмыстары аяқталғаннан соң, әрбір оқушы жарты сағаттың ішінде білім алатын мекемесі, отбасы, араласатын ортасы, өз мүдделері туралы сұрақтарға жауап беріп, сауалнама толтырады. Қосымша білім ұйымдары әкімшілігінен де сауалнамалар жүргізіледі. Жауаптардың бағалануы халықаралық жауаптарды кодтау нұсқауының қатал орындалуы бойынша жүргізіледі, әрбір жауап өз кодына сәйкестелініп, білікті мамандармен іске

асырылады. Кейбір тапсырмалардың жауаптары дұрыс немесе бұрыс деп бағаланады, ал жартылай дұрыс немесе оңай жауаптар жартылай дұрыс деп бағаланады.

Зерттеу нәтижелерін статистикалық өңдеу барысында әрбір оқушыға әрбір топтағы тапсырманы орындауына қарай (оқу, математика және жаратылыстану бойынша) халықаралық 1000-балдық шкала бойынша балл қосылады. Сонымен қатар, тапсырма барлық тестіленушілермен қаншалықты орындалғанына байланысты әрбір тапсырмаға аталған шкалаға сәйкес нақты балл қосылады (тапсырманың қиындығы үшін).

Әрбір елдің нәтижелерін талдауда және халықаралық шкаланы құрастыруда жеке елдердің тапсырмаларды орындау ерекшеліктері есепке алынады. Ал қатесі бар тапсырмалар, мысалы, полиграфиялық немесе аудармасында қателескен тапсырмалар талдаудан шығарылып тасталады.

Негізгі бағыттары: математикалық сауаттылығы. PISA зерттеуінде математика бойынша жеке ойлау қабілеттеріне бағытталған тест тапсырмаларының мазмұнына ерекше көңіл бөлінеді. Ол математикалық ойлаудан және құбылыстарды сипаттауға, түсіндіруге және болжау үшін математикалық тұжырымдамаларды, рәсімдерді, айғақтарды және құбылысты қолданудан тұрады. PISA тестіндегі математикалық тапсырмалар сонымен бірге, оқушыларға математиканың олардың өмірінде қандай рөл атқаратынын түсінуге көмектеседі. PISA тестіндегі математикалық тапсырмалар оқушыларға сандық, кеңістік, ықтимал болатын және басқа да математикалық тұжырымдамалары бар математикалық мәселелерді талдауға, ойластыруға, шешуге және түсінік беруге мүмкіндік туғызады. Сонымен, PISA зерттеуінде 15-жастағы оқушылардың күнделікті өмірде туындайтын көптеген мәселелерді шешу үшін алған білім және біліктілік қабілеттерін анықтау және бұл қабілеттіліктің даму тенденцияларын айқындау басым сипатта болып табылады.

15-жастағы оқушылардың математикалық дайындықтарын тексеру мазмұны математикалық сауаттылық түсінігіне негізделген, ол «адамның өмір сүретін әлемде математиканың рөлін анықтау және түсіну қабілеті, жақсы қисынды математикалық пікірлерді айту, қазір және келешекте мүдделі, саналы азамат жасайтын қажеттілігін қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу» деген түсінікті береді.

Математикалық сауаттылық деген ұғымға оқушылардың келесі қабілеттіліктері жатады:

- ✓ қоршаған ақиқат ортада пайда болатын және математика арқылы шешіле алатын мәселелерді тани білу;
- ✓ бұл мәселелерді математика тілінде құрастыру;
- ✓ бұл мәселелерді математикалық айғақтар мен әдістерді қолдана отырып шешу;
- ✓ шешімдерде қолданылған әдістерді талдау;
- ✓ қойылған мәселелерді есепке ала отырып нәтижелерді түсіндіру;
- ✓ шешімдердің нәтижелерін құрастырып жазу.

PISA зерттеулерінде оқушыларға қазақстандық мониторинг зерттеулеріне тән типтік математикалық есептер ұсынылмайды. Бұл зерттеудегі математикалық тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерге жақын, қоршаған өмірдің түрлі аспектілерімен байланысты және өз шешімдері үшін математикалық талдауды талап ететін, мектептің өмірі, қоғам, оқушының жеке өмірі, кәсіби қызметі, спорт және т.б. туралы мәліметтер ұсынылады.

Зерттеу тұжырымдамасына сәйкес, әрбір тапсырма математиканың мазмұнды бөліктерінің біріне сәйкес келеді: сандар; кеңістік және форма; өзгерістер мен қатынастар; белгісіздік.

Оқушылардың математикалық сауаттылығының деңгейі, осы аталған мазмұнды бөліктерімен қатар «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейімен сипатталады. Оқушылардың

математикалық құзыреттілігі зерттеуде «тұлғаның математикалық білімдерінің, біліктілігінің, тәжірибесінің және қабілеттерінің үндесуімен» анықталады. Зерттеуде үш математикалық құзыреттіліктің деңгейлері қарастырылады: елестету деңгейі, байланыс орнату деңгейі, ойлау деңгейі.

Жаратылыстану сауаттылығы. Қазіргі заманғы қоғам өмірінде оқушылардың жаратылыстану ғылымдары мен технологияларын түсінуі, оларға өмірге әсер ететін жаратылыстану ғылымдары мен технологиялары салыстырылатын қоғамдық стратегияны (курсты, саясатты) қалыптастыру жұмыстарына қатысуға мүмкіндік беріп, ерекше маңызға ие болуда. Сондықтан, PISA зерттеуі аясында 15-жастағы оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын зерттеу де маңызды.

PISA зерттеуінде ғылыми жаратылыстану сауаттылығы ретінде ғылыми жаратылыстану білімдерін қолдана білу, қоршаған әлемді және оған адамның іс-әрекетінен қосылатын өзгерістерді түсінуге және сәйкесінше шешімдер қабылдауға қажетті мәселелерді анықтап, негіздемелі қорытындылар жасай білу қабілеттерімен түсіндіріледі.

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығын төрт аймаққа бөлуге болады:

- ✓ ғылым мен технологияға сүйенетін өмірлік жағдайларды танып білуі (контекст);
- ✓ қоршаған орта мен ғылым туралы білімдерден тұратын ғылыми білімдердің негізінде техниканы қоса қоршаған әлемді түсінуі (білім);
- ✓ ғылыми сұрақтарды ажырата білуі, ғылыми жаратылыстану құбылыстарын түсіндіруі, айқын нақтылықтар мен дәлелдемелердің негізінде қорытындылар жасауы үшін ғылыми білімдерді қолданудан тұратын құзыреттіліктерді көрсетуі (құзыреттіліктер);
- ✓ ғылыми жаратылыстану біліміне деген қызығушылығы.

PISA зерттеуінде бағаланатын ғылым жаратылыстану білімдері, машықтары мен дағдылары ғылыми жаратылыстану циклі пәндері – физиканы (астрономия элементтерімен), биологияны, химияны, географияны оқуда қалыптасады.

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы келесі компоненттерден тұрады: ғылыми жаратылыстану пәндері аясында қалыптасатын «жалпы пәндік» машықтары, ғылыми жаратылыстану білімдері қолданылатын жаратылыстану ұғымдары мен жағдайлар. Зерттеу мақсатына – белгіленген машықтар мен ұғымдарды кешенді тексеру жатады. Ұсынылған сұрақтардан жаратылыстану ғылымдары жауап беретін сұрақтарды белгілей білу, берілген ақпараттың негізінде ғылыми негізделген қорытындылар жасай білу машықтарын тексеруге ерекше көңіл бөлінеді.

Оқу сауаттылығы. PISA зерттеуінде оқу сауаттылығы ұғымын оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамытуы деп түсінуге болады. Оқушылардың оқу сауаттылықтарын тексеру оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалауға емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған. Оқу сауаттылығын бағалау барысында үш аспекті есепке алынады: оқу материалдарының форматы, тапсырманың түрі, мәтіннің қолдану жағдайы немесе мақсаттары.

Зерттеу барысында мәтінді толық түсінгенін дәлелдейтін машықтары мен меңгере білу деңгейлері бағаланады: мәліметті табу, мәтінді түсіндіріп беру, мәтіннің мазмұнына немесе оның формасына рефлексия және олардың бағасы. Мәтіннен мәлімет таба білуді бағалау үшін, мәтінді қарап шығып, оның негізгі элементтерін анықтау және сұрақтан гөрі қажетті (синонимдік) форманы бейнелеген мәліметті іздестіру үшін тапсырмалар қолданылады.

Оқушылардың мәтінді түсіндіріп беру қабілетін бағалау барысында мәтінде берілген әр түрлі мәліметтерді салыстыру, автордың сипаттаған ойларынан қорытынды жасау немесе мәтіннің мәнін түсіну ұсынылады. Рефлексияны бағалау үшін мәтіннің мазмұны немесе формасына, оқушы тапсырманы орындау барысында мәтіндегі мәліметті басқа жерден алған білімдерімен байланыстыра білуіне, мәтінде берілген бекітулерді өмір туралы өз көзқарастарымен байланыстырып, дәлелдеулеріне көңіл бөлінеді.

2009 жылғы PISA-ның қорытындылары оқушылардың үлгерімдері тәртіптік климатпен тығыз байланысты болғанын көрсетеді. ОЭСР елдеріндегі оқушылардың көпшілігі тәртіптік климаттағы сыныптарда білім алудан үлкен қанағаттану алған.

"Мұғалім-оқушы" арасындағы позитивті қарым-қатынастар білім алуға себепші болатын сыныптағы жағдайларды орнатуда шешуші мағынаға ие. Зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, оқушылар мұғалімдердің оларды шындап қабылдауын сезінгенде, оқушылардың білім алуға құштарлықтары артып, тәртіпке қатысты проблемалары азайған. 2000 жылғы PISA-ның қорытындылары оқушылардың басым көпшілігінің мұғалімдермен қарым-қатынастарының сапасына көңілдері толатынын көрсеткен. 2009 жылы "мұғалім-оқушы" арасындағы қарым-қатынастар сапасы одан әрі жақсарды. Білім беру қорларын әділ үлестірумен сипатталатын жүйеде академиялық жетістіктер мен әлеуметтік-экономикалық жағдай арасындағы өзара қатынас әлсіз болуы мүмкін. Мұндай жүйеде барлық оқушылар өздерінің әлеуетін жүзеге асыру үшін бірдей мүмкіндіктерге ие және нәтижелері олардың зейінін, қабілеттері мен барлық қауымда амбициясын көрсетеді.

PISA зерттеуінің көмегімен алынған мәліметтер зерттеушілерге әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсы болуы, оқушылардың білім жетістіктері мен білім үлгерімдеріне біршама әсерінің барын анықтап, осылайша білім алу мүмкіндіктерінің, білім ресурстарының нақты бөліну дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

TIMSS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІ. Progress in International Reading Literacy Study (PIRLS) - Бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге арналған Халықаралық жоба бесжылдық мерзіммен өткізіледі (2001, 2006, 2011, 2016). PIRLS оқу, стратегия және оны тәжірибе жүзінде пайдалану саласында оқушылардың білім жетістіктерін бағалауға, бастауыш сынып оқушыларының оқу және мәтінді түсіну сапасы мен деңгейін салыстыруға, ұлттық білім беру жүйелерінде айырмашылықтарды анықтауға бағытталған.

PIRLS зерттеуінің басты мақсаты түрлі әлем елдері бастауыш мектеп оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасы деңгейін салыстыра бағалау. Зерттеуге көптеген әлем елдері қатысады. PIRLS халықаралық іріктеуіне зерттеуді өткізу барысында 9,5 жасқа толған 4-сынып оқушылары қатысуға құқылы. Бағдарламаны оқушылардың білім жетістігін бағалау бойынша Халықаралық Қауымдастық үйлестіреді (IEA).

2011-2020 жылдар аралығына арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Қазақстан аталмыш зерттеуге 2016 жылы қатысуды жоспарлап отыр.

TIMSS зерттеуінің негізгі компоненті ретінде 4 және 8 сыныптар оқушыларының оқу жетістіктері қаралады. 4-сынып оқушыларының тестік тапсырмаларының әр варианты 44-50 тапсырмадан тұрады, 8 сынып оқушылары үшін – 55-60 тапсырма қарастырылған. Онда жауаптар әртүрлі болуы мүмкін. Тапсырманы орындау үшін 4-сынып оқушыларына 72 минут, 8-сынып оқушыларына 90 минут уақыт бөлінеді. Бағалау диапазоны 0-ден 1000 балл аралығында болады, орташа статистикалық балл 500 баллды құрайды.

Тестілеу тапсырмаларын бағалау төрт деңгейде жүзеге асырылады:

- ✓ ілгері (625 – 1000 балл);

- ✓ жоғары (550 – 624 балл);
- ✓ орта (475 – 549 балл);
- ✓ төмен (400 – 474 балл).

Жабық тапсырма бойынша әр дұрыс жауапқа халықаралық эксперттер 1 балл береді. Ашық тапсырмалар бойынша әр жауапқа арнайы екі таңбалы код беріледі – «дұрыс жауап», «жартылай дұрыс жауап», «жауап дұрыс емес».

Зерттеулерге арнайы сауалнамаларға жауап беру арқылы Ұлттық координаторлар қатысады. Бұл жауаптар алынған нәтижелердің кейбір себептерін түсіну үшін қосымша фондық ақпараттарды құрайды. 4-8 сынып оқушылары мектептегі пәндерге көзқарастары, педагогтар тарапынан сабақтарды ұйымдастыру, сыныптан тыс ісшараларға қатысу, отбасын сипаттау туралы сауалнамалық сұрақтарға жауап береді.

Сауалнама сұрақтарына берілген жауаптар арқылы оқушылардың нәтижелеріне әсер ететін фондық ақпарат ретінде кейбір факторлар анықталады. Мысалы халықаралық сарапшылар жасаған модель бойынша мынадай факторлар:

- ✓ оқушылардың демографиялық сипаттары (тестілеу кезіндегі оқушылардың жасы және олардың жынысы);
- ✓ отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы (үйде компьютердің, мобильдік телефонның, автомобильдің бар болуы және т.б.);
- ✓ отбасы мәдениеті (үй кітапханасының бар болуы, сөйлесу тілі);
- ✓ өз жетістіктерін бағалау (пәнге деген көзқараспен анықталады – «жалықтыратын пән», «жеңіл пән», «әр адамның өмірінде маңызды»);
- ✓ оқушының уәждемесі (білім траекториясы, пәнді игеруге тиісті жігердің, қызығушылықтың болуы);
- ✓ мектептен тыс іс-әрекеттер (оқушыны әртүрлі мектептен тыс шараларға қатыстыру, бос уақытты тиімді пайдалану);
- ✓ мектептегі және сыныптағы психологиялық ахуал анықталады.

Кадрлық әлеуеттің оқу процесін ұйымдастыру сапасына әсерін пән мұғалімдерінің анкета сұрақтарына берген жауаптары арқылы анықталатынын атап өту қажет. Бұның арқасында мынадай фондық ақпарат алынады: мұғалімдердің жеке мінездемелері (жынысы, жасы, жұмыс стажы, білім деңгейі), кәсіптік құзыреттілігі (сабаққа дайындалу, оқу жұмыстары, оқу жетістерін бағалау, мұғалімдер мен оқушылардың ынтымақтастығы, біліктілікті көтеру және т.б.).

Халықаралық сарапшылардың көзқарасы бойынша оқушылардың оқу жетістіктеріне мынадай факторлар: мектептің орналасуы, білім беру ұйымының материалдық ресурстары, тәртіп деңгейі, психологиялық «ахуал» және басқару қызметінің жекеленген аспектілері әсер етеді. Бұл сұрақтар бойынша алынған фондық ақпарат білім беру ұйымының басшыларын сауалнама барысында алынады.

Халықаралық зерттеулерге қатысу білім мекемелеріндегі білім сапасының артуына, өз мүмкіндіктерін әлемдік деңгейде салыстыру мен салғастыруға мүмкіндік табады. Сондай-ақ, оқушылардың өзін-өзі тануына, өзінің қабілетін сынап жетілдіруіне, өзіндік бағасының артуына, яғни, өзін-өзі әлеуметтендіруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Құсайынов А.Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013. – 196 б.